

Баспасөз релизи

**«EMEA Finance» халықаралық қаржылық басылымынан берілген
марапаттар туралы**

2013 жылғы 16 сәуір

«EMEA Finance» беделді халықаралық қаржылық журналының мәліметі бойынша «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ (Halyk Bank) бесінші жыл қатарынан «Қазақстандағы үздік банк» деп танылды, ал Халық Банкінің еншілес ұйымы «Halyk Finance» АҚ «Europe Banking Awards 2012» санаты бойынша үшінші жыл қатарынан «Қазақстандағы үздік инвестициялық банк» ретінде жеңімпаз болып танылды.

Белгілі халықаралық басылым - «EMEA Finance» журналы жүргізетін жыл сайынғы шолу нәтижесінде «Europe Banking Awards 2012» санаты бойынша жеңімпаздар анықталды. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ осымен бесінші мәрте «Қазақстандағы үздік банк» ретінде аталып өтті.

- Қазақстан 2012 жылы өзінің қарқынды дамуын жалғастыра түсті, банк секторы қайтарылмаған кредиттер деңгейін төмендетумен әлі де күресіп жатқанына қарамастан, біз жеңімпаз деп таныған Халық банкі («Қазақстандағы үздік банк» аталымы бойынша) бұл трендті өзгертті. Банктің 2012 жылғы өсім қарқыны айрықша жоғары болды. Таза пайда көлемі 77,1%-ға (US \$ 464 млн.), ал заемдар мен активтер (нетто) ауқымы тиісінше 11,4%-ға және 5,9%-ға өсті. Сондай-ақ Банк нарықтағы жалпы депозиттердің, басқаруындағы зейнетақылық активтердің және таза пайданың көлемі бойынша жетекші орынды иемденіп отыр. Кредит беру көрсеткішіне келсек, Банктің бұл саладағы қол жеткізген нәтижесі елдегі бес ірі банктің орташа көрсеткішінен 9,4%-ға жоғары болды. Сондықтан Банктің осы аталым бойынша тағы да жеңімпаз атануы тектен тек емес, - деп білдірді өз пікірін басылымның шығарушысы әрі бас атқарушы директоры Кристофер Мур.

- Қазақстан Халық банкінің және тұтастай Halyk Тобының қызметіне дүние жүзілік сарапшылар қауымдастығы тарапынан беріліп отырған мұндай объективті баға біз үшін үлкен құрмет. Біздің бүгінгі жетістігіміз ертеңгі алар белесімізге - Қазақстанның банк жүйесіндегі көш бастаушы жетекшілік орынға шығуға жасалып отырған тағы бір қадам. Халық банкі мен оның Halyk Finance еншілес ұйымыны дәл қазіргі табысы мұндай көрсеткіштерге де қол жеткізуге болатындығын айқын көрсетіп отыр, - деп атап өтті өз сөзінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасының төрағасы Үміт Шаяхметова.

«Halyk Finance» АҚ 3-ші жыл қатарынан «Қазақстандағы үздік инвестициялық банк» («Best Investment Bank in Kazakhstan») аталымы бойынша жеңімпаз атанып отыр. Үстіміздегі жылғы наурыз айының аяғында «Қазақстан Қор биржасы» АҚ «Halyk Finance» АҚ-н үшінші мәрте «Жетекші қаржылық кеңесші(консультант)» ретінде атап өткен болатын.

2012 жылы «Halyk Finance» АҚ өз клиенттеріне халықаралық және қазақстандық бағалы қағаздар нарығында 2,5 млрд. АҚШ долларына жуық қаржы тартуға көмек көрсетті. «Halyk Finance» АҚ-ның жария түрде жүргізген сәтті мәмілелерінің қатарына мынадай айтулы әрі инновациялық транзакцияларды жатқызуға болады: «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ның бес жылдық «Сукук «аль-Мурабаха» исламдық облигацияларын шығару және орналастыру, Қазақстанның және Лондонның Қор биржаларында «Кселл» АҚ қарапайым акциялары мен жаһандық депозитарлық қолхаттары бойынша алғаш рет (дебюттік) жариялы түрде ұсыныс жасау, Еуразиялық Даму банкінің дебюттік 5 жылдық теңгелік облигацияларын шығару және орналастыру, сондай-ақ «Қазақстан Даму Банкі» АҚ және ЖайықМұнай Тобының жаңа еврооблигацияларды сәтті шығару және уақытында орналастырумен қатар өздерінің сырттан қаржы тартуларын басқару бойынша бірегей эталондық мәмілелері.

- «Halyk Finance» АҚ 2012 жылы Қазақстанның бағалы қағаздар нарығында бірқатар аса маңызды мәмілелерді ұйымдастыруда және оларды сәтті аяқталуында маңызды рөл атқарды. Өткен жылдың желтоқсан айында компания Қазақстан Даму Банкінің (ҚДБ) 1 млрд. АҚШ доллары сомасындағы 10 жылдық еврооблигацияларын шығару кезінде Бірлескен жетекші менеджері және Букраннері болды. Еврооблигациялардың бұл аталған шығарылымы Қазақстанның қаржы мекемелері бұрын-соңды жүзеге асырған шығарылымдардың ішіндегі ең ірісі болып танылды және қазақстандық эмитенттер үшін өтеу кірістілігі (4,326% мөлшерімен) мен купондық мөлшерлемесі (4,125%

мөлшерімен) жағынан рекордтық төмен көрсеткішпен орналастырылды, - деп атап көрсетті EMEA Finance журналының редакторы Тим Брек. - «Halyk Finance» АҚ мен Қазақстан Даму Банкінің өзара серіктестік қарым-қатынастары айрықша жемісті болды. Өткен жылдың тамыз айында «Halyk Finance» АҚ «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ның жалпы сомасы 240 млн. малайзиялық ринггит сомасына «Сукук «аль-Мурабаха» исламдық дебюттік облигацияларын 5 жылдық мерзіммен шығару және орналастыру кезінде Бірлескен жетекші менеджері және Букраннері болды. Бұл ТМД елдерінің эмитенттері арасындағы тарихтағы алғашқы исламдық бағалы қағаздар шығарылымы болып табылады.

Жеңімпаздары анықтау дауыс беру нәтижесі бойынша жүргізілді. Дауыс беруге әлемдік жетекші сарапшылар – қаржылық индустрия талдаушылары, банктік кеңесшілер тартылды. Дамушы елдердің банктік секторы нарығына талдау жасау кезінде банктердің активтер көлемі, табыстылық көрсеткіші, стратегиялық қарым-қатынастарды, клиенттерге қызмет көрсету саласын дамыту, бағалар мен инновациялық өнімдердің бәсекелестік қабілетінің деңгейі сияқты бірқатар критерийлер есепке алынды.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ еліміздің қаржы нарығындағы жетекші қаржылық топ әрі қазақстандық бөлшек бизнес қызметін көрсетуші көш бастаушы банк болып табылады. Банк өзінің республика аумағы бойынша барынша кеңінен таралған филиалдық желісі арқылы 5,9 миллионға жуық жеке тұлғаға, 60 мыңнан астам ШОБ субъектілеріне және 300-ге жуық ірі корпоративтік клиентке қызмет көрсетеді. Қаржылық топ халыққа, оның ішінде жалпы тұрғындарға және шағын және орта бизнес өкілдеріне, сондай-ақ корпоративтік клиенттерге алуан түрлі қаржылық қызмет ауқымын (банктік қызметтер, зейнетақылық жинақ, сақтандыру қызметі, лизинг (жалға беру), брокерлік-дилерлік қызмет, активтерді басқару қызметі) ұсынады. Халық Банкі сондай-ақ өзінің Ресейдегі, Грузиядағы және Қырғызстандағы еншілес құрылымдары арқылы да банктік операцияларды жүзеге асырады.

«Halyk Finance» АҚ - Қазақстандағы жетекші инвестициялық банк. Компания инвестициялық-банктік қызметтердің толық кешенін ұсынумен айналысады, ата пайтқанда, қаржылық консалтинг және андеррайтинг (корпоративтік эмитенттердің бағалы қағаздарын шығаруды және орналастыруды ұйымдастыру), корпоративтік қаржыландыру қызметтерін, оның ішінде компаниялардың акцияларын және қатысу үлестерін сатып алу/сату және корпоративтік қарыздық борышты қайта құрылымдау бойынша М&А консультациялық қызметтер ұсынады, сондай-ақ брокерлік қызмет көрсету және бағалы қағаздармен сауда жасау, Қазақстан Қор биржасының сауда алаңында маркет-мейкерлік қызмет көрсетеді, инвестициялық портфельді басқару бойынша, ұдайы негізде талдамалық қызметтер ұсынады.

EMEA Finance (<http://www.emeafinance.com>) – Еуропа мен Таяу Шығыстағы және Африкадағы дамушы елдердің корпоративтік қаржы саласындағы маңызды оқиғалар мен жаңалықтар туралы жариялап, хабарлап отыратын халықаралық беделді қаржылық басылым.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Баспасөз қызметі
тел. +7 727 2 590 816,
www.halykbank.kz

Станислав Ли,
«Halyk Finance» АҚ
Қаржылық кеңес және
андеррайтинг департаменті
Тел.: +7 727 244 65 37
www.halykfinance.kz